

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жаратылыстану ғылымдары факультеті

**БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 7 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

22.04.2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы б.ғ.к., доцент м.а. Абдраимова Қ.Т., АК мүшесі, академиялық персонал, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.Қ., АК мүшесі, академиялық персонал, аға оқытушы Абишова Г.У., АК мүшесі, академиялық персонал, аға оқытушы Бабаева Г.А., АК мүшесі, академиялық персонал, жұмыс беруші Ниязов А.Қ. - “Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы” РММ директоры, АК мүшесі, білімгерлер өкілі Примжанова А.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау
- 2.Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

АК төрайымы Қ.Т.Абдраимова сөз алып, қаралатын мәселелермен таныстырды: Күн тәртібінде көрсетіліген мәселелер бойынша сәуір айында атқарылған жұмыстарды, атап айтқанда ББ іске асыру үшін кафедра, факультет, университет деңгейінде бәсекеге қабілетті білімгерлерді дайындау мүмкіндіктерін, ағымдық мерзімдегі атқарылған іс шаралар нәтижесін талқылау

АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.У.Абишова 2023-2024 оқу жылындағы 6B051-Биологиялық және сабақтас ғылымдар даярлау бағытындағы 6B05146-Биология, 6B05169-Биотехнология білім беру бағдарламалары бойынша ББ іске асыру үшін университеттің келесі мүмкіндіктерін талдауды

Құзыреттілікке негізделген білім беру бағдарламасының талаптарына сай білім алушылардың бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуға білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету көлемі мен сапасын арттыру.

-университет кітапханасы қорын биология оқулықтарымен қамтамасыз ету мақсатында жаңа оқулықтар сатып алуға ұсыныс жасау.

-кафедраның аудиториялық қорын кеңейту, қазіргі заманғы оқу-зертханалық базаны қалыптастыру бойынша іс-шараларды өткізу

-білім алушыларды зерттеу жобаларымен жұмысқа тарту.

Осымен бірге, университеттің негізгі құндылықтары аясында БББ-на жауапты құрылымдық бірліктер шешімдеріне, әрекеттеріне, себеп-салдарына жауап беру арқылы келешек маман иелерінің өз пікірлерін ашық білдіру, өзгенің пікірін тыңдай алу, нақты қажеттіліктерді түсінуге мүмкіндік алады. Нәтижесінде университет ұжымындағы барша

адаммен ұзақ мерзімді сенімді қарым-қатынас орнату сияқты дағдының қалыптастыуына қол жеткізе аламыз.

АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., аға оқытушы Э.Қ.Ибрагимова:
Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін құжаттар дайындығын тексеру нәтижесінде көрінетін болады. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін, пәндерді игеру барысында қол жеткізілетін білім көлемін қайта қарауды қарастыру қажет. Енді оны талқыладық, алыңғы уақытта жасалатын жұмыстар көп және ауқымды талпыныстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін. Сәуір айындағы жасалған жұмыстарды атап айтқанда, БББ-дың тізіміндегі жұмыс берушілердің, сыртқы сарапшылардың «Биологиялық және сабақтас ғылымдар» даярлау бағытына қатысты пікірлеріне көз жүгіртетін болсақ оқыту нәтижелеріне қол жеткізу барысында білім алушылар еңбекке сүйіспеншілікпен қарауға, табанды еңбек етуге, оларға жемісті түрде қол жеткізуге ұмтылады. Білім беру бағдарламаларын ертеңгі еңбек нарығындағы сұранысты болжай алатын, бәсекеге қабілетті етіп құруға ұмтыламыз, толық кешенді құжаттамадан гөрі бізге сол маңыздырақ болып табылатын біліктілік пен еңбекқорлықтың көрінісі болмақ.

Шешім:


- 1.ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау назарға алынсын.
- 2.Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Қ.Т. Абдраимова

Хатшы



Г.О. Абишова